

ӨНЕРЛІНІҢ АЛДЫ ЖАРЫҚ

Шымкенттегі білктігі 30 метрлік Бәйдібек би ескерткіші кімнің қолынан шыққанын білсез бе? Эрине, баршамызға таныс туынды болса да, оның қай шебердің туындысы екені көп наси- хаттала бермейтіні анық. Осында Майлышқожа ақынның «Жақсылар жақсымын деп айта алмай- ды» деген өлең жолдары оралатыны анық. Біз оқырмандарға өз ісінің білгірі, кәсіби шебер, он саусагынан өнер тамған мүсінші Серікбай Жорабеков жайлы аз-кем айтуды жөн көрдік.

Серікбай Құлышұлы Жо- рабеков — өнерде өз соқпа- гын қалыптастырган қылқа- лам шебері, мүсінші. Ол 1963 жылы қазіргі Түркістан облы- сы Абай елді мекенінде дүниеге келген. Өнерге жаңы құш-тар жас 1980 жылы Түркістан педагогикалық училищесінің «Сурет және мүсін» маманды- гына түседі. Өнердің шынын бағындыруды көздеген Серік Құлышұлы Шымкент педагогикалық институтының «Көр- кемсүрет, графика» факуль- тетіне түсіп, білімін жетілдір- ген. Жоғарғы оку орнын аяқта- ган қүннен бастап үстаз болған суретші қазіргі таңда М.Әуезов атындағы ОҚУ аға оқытушы-

сы қызметін атқарып, шәкірттеріне кескінде мен мүсін- деу өнерінің қырсырын үр- ретуде.

С.Жорабеков — еңбегі елеулі, ел алдында абыройы асқақ жан. Бүгінге дейін ҚР Суретшілер одағының мүшесі атанып, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Еңбек сінірген қай- раткері құрметті атақтарын иеленіп үлгерген. Түрлі дә- режелі грамота, алғыс хат, төсбелгілермен маралпattалған. Үстаздық пен шыгарма- шылық жұмысты қатар алып жүрген шебердің туындылары еліміздің түпкір-түпкіріне та- раган. Шымкенттегі білктігі 30 метрлік Бәйдібек би ескерткіші,



«Ауылым — алтын бесігім» горельефі, ұзындығы 60 метрлік «Жібек жолы» мүсіндік композициясы, Бадам көпіріндегі «Тайқазан», Ақтөбедегі Дәуімшар батыр ескерткіші, Түркістандағы Шырағдан, Астанадағы «Тайқазан», Қазалыдағы «Асандар көтерілісі» және «Бегім Ана» горельефі, Түгіс- кендегі «Тұған жер» монументі — осының барлығы өнерлі де іскер үстазымыздың қолынан шыққан туындылар.

Үстаз болу кез келгеннің қо- лынан келе бермейді. Шәкіртін биікке жетелеп, қанаттанды- ру, жаңы мен тәнін, болмы- сы мен барын салып, оның әр жетістігіне қуанып, қын ша-

ғында демеу — тек үстаздың қо- лынан келетін іс. Қазак «Ұста- зы жақсының — үстами жақсы» деп адамға қарап, оның үстазын тани білген. Біздің шебер- үстаздың студенттерін де дәл солай адаспай тануға болады. Ал, замандастары мен оқыту- шылар қауымы әріптесіміздің әр туындысына қуанып, ма- тан тутамыз.

**Ш.РСМАХАНБЕТОВА,
М.АБУОВА,**

**М.Әуезов атындағы ОҚУ
Мәдениет және өнер факультеті «Бейнелеу өнері
және дизайн»
кафедрасының
оқытушылары**